ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қарар бөлігі)

2024 жылғы 28 қараша №7119-24-00-2/14356 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында: төрағалық етуші судья А.Б.Бакишев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының әкімшілік ғимараттары дирекциясы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
1. «Тендер Профи» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
2. Жеке кәсіпкер «Умбетов» Умбетов Бауржан Оразович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының әкімшілік ғимараттары дирекциясы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкерлер «Тендер Профи» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, жеке кәсіпкер «Умбетов» Умбетов Бауржан Оразовичке мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану уралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Тендер Профи» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 28.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 06.01.2025, судья Есибаев К. Б., 10.01.2025
7119-24-3-1/13788

Жеке кәсіпкер «Умбетов» Умбетов Бауржан Оразович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Тендер Профи» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Умбетов» Умбетов Бауржан Оразовичтен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Б.Бакишев

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 28.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.01.2025, судья Есибаев К. Б., 10.01.2025

7119-24-3-1/13788